**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 08-2/292 "Асыл тұқымды өнім (материал) түрлері бойынша облыстар бөлінісіндегі бюджеттік субсидиялардың көлемі, сондай-ақ республикалық малды асылдандырушы орталыққа, етті бағыттағы құс шаруашылығының асыл тұқымды шаруашылығы бойынша, қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды зауытына қаражат бөлудің жылдық сметасын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 08-2/527 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 30 қыркүйекте № 7227 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 242 қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттердің асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасының 7-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 08-2/292 «Асыл тұқымды өнім (материал) түрлері бойынша облыстар бөлінісіндегі бюджеттік субсидиялардың көлемі, сондай-ақ республикалық малды асылдандырушы орталыққа, етті бағыттағы құс шаруашылығының асыл тұқымды шаруашылығы бойынша, қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды зауытына қаражат бөлудің жылдық сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7040 тіркелді) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

облыстар бөлінісінде және асыл тұқымды өнім (материал) түрлері бойынша бюджеттік субсидиялардың көлемі, көрсетілген бекітілген бұйрықпен, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Р.А. Тоқсеитова) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін (С.С. Хасенов).

4. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен он күнтізбектік күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі.

*Министрдің*

*міндетін атқарушы* *Е. Аман*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 08-2/527 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 27 мамырдағы
№ 08-2/292 бұйрығымен
бекітілген

## Асыл тұқымды өнім (материал) түрлері бойынша облыстар бөлінісінде бюджеттік субсидиялардың көлемі

| Р/с № | Облыстар | Шығыс салалары (мың теңге) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Асыл тұқымды төл | Тұқымдық бұқалардың ұрығы | Асыл тұқымды жұмыртқа | Тәуліктік балапандар |
| 1 | Ақмола | 94990,0 | 16293,0 | 9500,0 | 59783,0 |
| 2 | Ақтөбе | 56923,0 | 8528,0 | | |
| 3 | Алматы | 192540,0 | 17047,0 | 17894,0 | 24543,0 |
| 4 | Атырау | 78325,0 | 400,0 | | |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 349997,0 | 23200,0 | | |
| 6 | Жамбыл | 366023,0 | 8800,0 | | |
| 7 | Батыс Қазақстан | 52465,0 | 2829,0 | | |
| 8 | Қарағанды | 314600,0 | 4450,0 | 43800,0 | 43342,0 |
| 9 | Қостанай | 40190,0 | 31550,0 | 26600,0 | 22745,0 |
| 10 | Қызылорда | 56121,0 | 1500,0 | | |
| 11 | Маңғыстау | 3000,0 | | | |
| 12 | Павлодар | 91561,0 | 13000,0 | | |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | 57923,0 | 19200,0 | 7872,0 | |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан | 347710,0 | 4492,0 | 19000,0 | |
| 15 | Барлығы: | 2102368,0 | 151289,0 | 124666,0 | 150413,0 |

*кестенің жалғасы:*

| Республикалық малды асылдандырушы орталықтың шетелдік селекцияның тұқымдық бұқаларын ұрығын сатып алу сондай-ақ тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу, олардың ұрығын және эмбриондарын алу | Етті бағыттағы құс шаруашылығы бойынша асылдандырушы шаруашылыққа асыл тұқымды құстарды сатып | Асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп-бағу және жаттықтыру асыл тұқымды мал зауытында тұқымдық айғырлардың ұрығын алу және сақтау | Импорттық асыл тұқымды төл | Селекциялық және асыл тұқымды жұмыстар | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және сақтау жөніндегі шығындарын толық өтеуге | алу жөніндегі шығындарды толық өтеуге | жөніндегі шығындарды толық өтеуге | | | |
| 333303,0 | 138671,0 | | 752 000,0 | 110426,0 | 1514966,0 |
| | | | 308 000,0 | 109576,0 | 483027,0 |
| | | | 66 000,0 | 432326,0 | 750350,0 |
| | | | | 71620,0 | 150345,0 |
| | | | 190 000,0 | 409080,0 | 972277,0 |
| | | | | 86524,0 | 461347,0 |
| | | | | 225302,0 | 280596,0 |
| | | | 304 000,0 | 241160,0 | 951352,0 |
| | | 79639 | 190 000,0 | 177370,0 | 568094,0 |
| | | | | 33040,0 | 90661,0 |
| | | | | 8152,0 | 11152,0 |
| | | | | 164754,0 | 269285,0 |
| | | | 190 000,0 | 83428,0 | 358423,0 |
| | | | | 59472,0 | 430674,0 |
| 333303,0 | 138671,0 | 79639,0 | 2000000,0 | 2212200,0 | 7292549,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК